

**09.01.2023 №10**

**Білім беру бағдарламаларын әзірлеу,  
келісу және бекіту, біліктілікті арттыру  
курстарын ұйымдастыру және өткізу,  
педагогтердің қызметін курстан кейінгі  
сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім  
беру бағдарламаларының тиімділігіне  
мониторинг жүргізу ережелері бекіту туралы**

Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу ережелері (бұдан әрі – Ереже) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағыттағы (А. Нұрланова), көркем-эстетикалық бағыттағы (М. Мырзаханова), ғылыми-техникалық бағыттағы (А. Абдрахметова), әлеуметтік педагогикалық бағыттағы (Г. Налибаева), ақпараттық-талдау (Т. Казарина) бөлімдері білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізуді Ережеге сәйкес ұйымдастырып өткізсін.

3. Директордың орынбасары (Л. Атажанова) білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын (бұдан әрі – Курс (-

тар) ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізуді Ережеге сәйкес ұйымдастырып өткізілуіне жалпы жетекшілікті қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор**

**Р. Шер**

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі  
«Республикалық қосымша білім  
беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК директорының 2023 жылғы  
« 09 » \_\_\_\_\_ 01 \_\_\_\_\_ № 10  
бұйрығына қосымша

**Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті  
арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін  
курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру  
бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу ережелері**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын (бұдан әрі – Курс (-тар) ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және  
бекіту тәртібі**

3. «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (бұдан әрі – РҚБОО) ғылыми-техникалық, музыкалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық бағыттар бойынша балаларға қосымша білім беру

бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлейді.

4. Бағдарламаны әзірлеу үшін РҚБОӨО мыналарды жүргізеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді талдау;

2) зерттеудің сапалық және/немесе сандық әдістер арқылы педагогтердің кәсіби дамуындағы қажеттіліктерін талдау. Сапалы деректерді жинау педагогтермен және/немесе оқушылармен сұхбат және фокус-топтар арқылы педагогтердің қазіргі оқыту тәжірибелерін, дағдылары мен сенімдерін зерделеу және қажет болған жағдайда сабақтарға қатысу арқылы жүргізіледі. Сандық деректерді жинау педагогтерге және/немесе оқушыларға сауалнама жүргізу және/немесе тестілеу арқылы жүргізіледі. Зерттеу әдістемесі, оның ішінде құралдар, іріктеу өлшемшарттары және зерттеу жүргізу рәсімдері бағдарламаның ерекшелігімен айқындалады.

5. РҚБОӨО Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне жүргізген талдау нәтижелері хаттамалық шешіммен рәсімделеді. Хаттамаға Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне сараптама жүргізген адамдар, сондай-ақ РҚБОӨО директоры қол қояды.

6. Хаттаманың негізінде РҚБОӨО Бағдарламаны әзірлеу мерзімдерін, Бағдарламаның атауын, оқыту ұзақтығы мен нысанын көрсете отырып бұйрық шығарады.

7. Бағдарлама мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

8. «Жалпы ережелер» деген бөлім Бағдарламаның өзектілігін және оның жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысын ашып көрсетеді;

«Глоссарий» деген бөлім Бағдарламада қолданылатын терминдерді, олардың өзектілігі мен бірегейлігін тізімдейді;

«Бағдарлама тақырыбы» бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдауды сипаттайды.

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері» деген бөлімі Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсерін сипаттайды.

«Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны» деген бөлім Бағдарламаның жоспарын, Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысын сипаттайды.

«Оқу процесін ұйымдастыру» деген бөлім оқу процесінің форматын, сағат санын және оқыту нысандарын сипаттайды.

«Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» деген бөлім оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарасты сипаттайды.

«Оқыту нәтижелерін бағалау» деген бөлім пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістерін көрсетеді.

«Курстан кейінгі қолдау» деген бөлім курстан кейінгі қолдау форматын, нысандары мен әдістерін сипаттайды.

«Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» деген бөлім соңғы 5 жылдағы өзекті отандық және шетелдік басылымдарды қамтиды.

9. Бағдарламалардың жобалары жария талқылау үшін РҚБОӘО-ның [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) интернет-порталында келісуге жіберілгенге дейін орналастырылады. РҚБОӘО авторланған пайдаланушылардан талқыланатын білім беру бағдарламасына қатысты ұсыныстарды, ескертулерді немесе ұсынымдарды алғаннан кейін, білім беру бағдарламасының әзірлеушілері интернет-порталда аталған ұсыныстардың, ескертулердің, ұсынымдардың ескерілетінін немесе негіздемемен бас тарту туралы жауап ұсынады. Жобаларды жария талқылау мерзімі оларды интернет-порталға орналастырған күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

10. Бағдарламалар мынадай тәртіппен ресімделеді.

Мәтін қағаз немесе электрондық бланкіде \*docx форматында келесі параметрлерді ескере отырып басылады:

- 1) қаріп – «Times New Roman» pt 14 өлшемі;
- 2) жоларалық интервал - бір;
- 3) абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) - 1,25 сантиметр;
- 4) сол жақ жиегі - 2,5 сантиметр, оң жақ жиегі - 1,5 сантиметр, колонтитулдар - 2,5 сантиметр.

11. РҚБОӘО Бағдарламаны Уәкілетті органға келісу үшін келесі құжаттарды электронды нысанда жолдайды:

РҚБОӘО ресми бланкісіндегі ілеспе хат;

Бағдарлама жобасы;

ОӘК хаттамасының көшірмесі;

РҚБОӘО директоры бұйрығының көшірмесі;

жария талқылау үшін РҚБОӘО-ның [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) интернет-порталында орналастырылған Бағдарлама жобасына белсенді сілтеме.

12. РҚБОӘО Бағдарлама жобасын пысықтау қажеттілігі туралы қорытынды алғаннан кейін құжаттарды қайта жанартпай, сараптамалық қорытындыны ресми алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде оны пысықтайды және қайта келісуге жібереді. Келісуден бас тарту туралы сараптамалық қорытынды алғаннан кейін РҚБОӘО Бағдарлама жобасын қайта әзірлейді.

13. Бағдарламалар Сараптамалық кеңестің келісу туралы шешімін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде РҚБОӘО директорының бұйрығымен бекітіледі.

14. Бекітілген Бағдарламаларды қайта қарау үш жылда кемінде 1 рет жүзеге асырылады.

Бекітілген бағдарламалардың тиімділігі мен өзектілігін арттыру мақсатында оларды қайта қарау үшін біліктілікті арттыру ұйымы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізеді;

2) білім беру бағдарламаларының тиімділігі мониторингінің нәтижелеріне талдау жүргізеді және оларды хаттамамен рәсімдейді;

3) бағдарламаны қайта қарау (жаңарту немесе күшін жою) туралы шешім қабылдайды және бұл шешімді бұйрықпен рәсімдейді.

### **3-тарау. Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу**

15. Біліктілік арттыру курсының мақсаты: оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беру.

16. РҚБОӘО курстарды өткізудің жылдық кестесін әзірлейді және уәкілетті органмен және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларымен келіседі.

Курстардың білім беру процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, сабақ кестесімен реттеледі.

17. Тыңдаушыларды курстарға қабылдау РҚБОӘО директорының бұйрығымен білім басқармаларының тыңдаушылардың тізімдері қоса берілген хаттары негізінде ресімделеді.

Курстарға оқуға жіберілген педагог РҚБОӘО-ға жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Сондай-ақ, осы бұйрықпен сабақ кестесі, дәріскерлер тізімі, тыңдаушылар тізімі, курсты өткізуге арналған шығыстар сметасы бекітіледі.

18. РҚБОӘО оқыту тілдері бойынша тренерлер құрамын қалыптастырады:

1) Курстардың білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі бар педагогтер;

2) қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар мамандар;

3) педагогикалық және бейіндік мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы.

Курстарды өткізу кезеңінде РҚБОӘО теориялық және практикалық сабақтар жүргізуге әдіскерлерді, педагогтерді, білім беру ұйымдарының басшыларын, практиктерді, бейін бойынша мамандарды, өңірлік кәсіпкерлер палаталары мен жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерін тартады.

19. Курсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маман (бұдан әрі - маман) тренерлердің құжаттарын (жеке куәліктерінің, дипломдарының көшірмелері, банктің 20 таңбалы коды, қажет болған жағдайда, егер аты немесе тегі өзгертілсе, неке туралы куәлік) жинауды жүзеге асырады.

Курс басталғанға дейін тренерлердің барлық құжаттары бекітілген сабақ кестесімен бірге, сондай-ақ тыңдаушылардың құжаттары шарттарды қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманға ұсынылады.

20. Курстардың ұзақтығы: 80 академиялық сағат.

Курстың мазмұны бойынша Оқу-әдістемелік кешен (әдістемелік материалдар: курстың теориялық және практикалық материалдары, презентациялар, бейнематериалдар және т.б.) әзірленеді, курстың тақырыптары бойынша тест сұрақтарының базасы (тілдер бойынша әр топқа 3 жауап нұсқасы бар 20 сұрақ) құрылады.

Курстардың материалдары РҚБОӘО [edu.ziyatker.org](http://edu.ziyatker.org) интернет-платформасында орналастырылады.

21. Маман тыңдаушылардың жеке куәліктерінің, жеке деректері туралы сауалнамалардың, өтініштердің, шарттардың көшірмелерін жинайды, топ бойынша курс тыңдаушыларының тізімін қалыптастырады.

22. Оқыту тілдері мен топтары бойынша тыңдаушылар үшін чат құрылады, тыңдаушылармен тұрақты алдын ала жұмыс жүргізіледі.

23. Қосымша білім беру қызметінің бағыттары мен түрлері бойынша тренерлермен келісім бойынша практикалық сабақтарды өткізу үшін қажетті материалдарды (плакаттар, флипчарттар, маркерлер, стикерлер, қағаз және т. б. материалдар) дайындау жүзеге асырылады.

24. Күн сайын курс тыңдаушыларының сабаққа қатысуына мониторинг жүргізіледі.

25. Күн сайын әлеуметтік желілерде курсты өткізу барысы туралы ақпарат 2 тілде орналастырылады.

26. РҚБОӘО біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктеріне Google Forms қосымшасы арқылы сауалнама жүргізіледі.

27. Курстың соңында Google Forms-те курс қорытындылары бойынша бағалау сауалнамасы жүргізіледі.

28. Курс аяқталғаннан кейін Google Forms қосымшасында қорытынды тестілеу және шығармашылық жобалардың тұсаукесері өткізіледі.

29. Тест сұрақтарының жалпы саны – 20. Әрбір дұрыс жауап үшін 2 ұпай беріледі. Тест үшін барлығы - 40 балл. Тестілеудің шекті деңгейі - 20 балл. Курсқа қатысқаны үшін ұпайлар беріледі - 10 балл; сабақ кезіндегі белсенділігі үшін - 10 балл. Жобаны қорғау - 40 балл.

Білімді бағалау нәтижесінде максималды саны – 100 балл, ең аз саны – 50 балл.

30. Курстың білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға бекітілген нысан бойынша сағат тақырыбы мен көлемін көрсете отырып, курс тақырыбы бойынша сертификат, сондай-ақ сертификатқа қосымша беріледі.

Сертификат «Арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімін берушілерді айқындау, сондай-ақ олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1162 Қаулысына сәйкес әзірленеді және сатып алынады.

31. Қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға Ұйым біліктілікті арттыру курсы тыңдағаны туралы еркін нысанда анықтама береді.

Сертификат ала алмаған тыңдаушылардың мынадай мүмкіндіктері бар:

- 1) бір жылда бір реттен артық емес білімін қайта бағалау;
- 2) курстардың келесі легімен білімін қайта бағалау;
- 3) дәлелді себептер бойынша ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысу;
- 4) дәлелді себептер бойынша аяқталмай қалған курсты растау құжаттарын ұсына отырып аяқтау.

32. Курстан өту туралы Келісімнің шарттарын орындамаған тыңдаушылар РҚБОӘО директорының бұйрығына және Курс тыңдаушыларының өтініштері мен өтінімдерін қарау жөніндегі комиссияның шешіміне сәйкес оқудан шығарылады. Ұйым тыңдаушының жұмыс берушісін оқудан шығару туралы хабардар етеді

33. РҚБОӘО директоры, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға курстар аяқталған күннен бастап және сертификат берілген күннен бастап 3 (үш) жыл бойы қолданыстағы сертификатқа және сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды (кью ар-код) бар оған қосымшаға қол қояды.

#### **4-тарау. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және өткізу**

34. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу деп Курстар шеңберінде алынған педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, оған курстан кейінгі қолдау кезеңінде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған процесс түсініледі.



Бұл процестің нәтижесі педагогтің кәсіби тәжірибесін түсіну, теорияны практикаға енгізу, өзін-өзі дамытуды өзектендіру, кәсіби табыс, жеке даму болып табылады.

35. Педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаты курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу, кәсіби құзыреттілікті дамытудың жеке траекториясын құру мен іске асыруда ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету болып табылады.

36. Міндеттері:

1) біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;

2) РҚБОӘО курстарында алған құзыреттерді практикаға енгізу бойынша педагогті сүйемелдеу;

3) одан әрі кәсіби және мансаптық өсуге педагогтің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке білім беру траекторияларын құру;

4) педагогтердің практикасына сараптама жүргізу.

37. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру шаралары) өткізу.

38. РҚБОӘО курстан кейінгі сүйемелдеу және мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету тәсілдерін анықтады.

Педагогке курстан кейінгі сүйемелдеу бағыттары анықталған чеклист беріледі. Педагог курстарда қалыптасқан құзыреттілікті дамыту үшін 1-2 бағытты таңдайды.

39. Курстан кейінгі сүйемелдеу курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) әзірлеу және іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

40. Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды.

41. Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі - ӘБ) РҚБОӘО-мен бірлесіп жоспарды әзірлеуге көмек көрсетеді. РҚБОӘО қажет болған жағдайда жоспар құруда әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

Бірінші кезеңде білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарлануда. Жоспар ӘБ-де талқыланады және оны Ұйым басшысы бекітеді. Жоспарға курстан кейінгі сүйемелдеу шеңберінде балаларға қосымша білім беру бағыттарына сәйкес педагогтің таңдауымен ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, конкурстар, жарыстар, тренингтер, жеке

және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу және өткізу кіреді (кемінде 3 іс-шара).

42. Екінші кезеңде педагог жоспарды жүзеге асырады, ал ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, іс-әрекеттің рефлексиясын ұйымдастырады. Әрбір іс-шара бойынша материалдарды міндетті түрде педагог әлеуметтік желілерде жариялайды және РҚБОӘО-на Курс кураторына сілтемесін жібереді.

43. Үшінші кезеңде педагог оқыту нәтижелерінің тұсаукесерін педагог портфолиосын (немесе оның бөлімін), әдістемелік өнімді, әріптестерге арналған семинарды және т.б. ұсыну түрінде өткізеді.

Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқу нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық ӘБ-де ұсынуды ұсынуы мүмкін.

Егер педагог курстан кейінгі кезеңде қиындықтарға тап болса, қажет болған жағдайда РҚБОӘО педагогті жеке жоспар бойынша сүйемелдейді.

44. Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шараларға оң сараптама жасалған жағдайда педагог аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады. Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, іс-әрекеттің рефлексиясын ұйымдастырады. Әрбір іс-шара бойынша материалдар міндетті түрде білім беру ұйымының сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылуы тиіс.

РҚБОӘО тренері Zoom қосымшасы арқылы сабақтарға қатыса алады немесе педагог РҚБОӘО-ға сабақтың жазбасына сілтеме жібереді.

45. Өңірлік деңгейде табысты баяндама жасау, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыстың әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.

46. Республикалық деңгейде РҚБОӘО жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға, оқу-әдістемелік материалдардың «Қосымша білім және тәрбие», «Темірқазық», «Экоалем» журналдарында, РҚБОӘО-ның [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырады.

47. РҚБОӘО курстарында оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қорытындылары бойынша білім беру ұйымы РҚБОӘО-ға жыл сайын бірінші жартыжылдықта 1 маусымға дейін, екінші жартыжылдықта 1 қазанға дейін курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есеп жібереді.

## **5-тарау. Білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеуді**

### ұйымдастыру және өткізу

48. Курстан кейінгі мониторинг – сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін бақылау, талдау және бағалау жүйесі.

49. Курстан кейінгі мониторингтің мақсаты – сертификатталған педагогтердің педагогикалық практикасының нақты жағдайын РҚБОӨО Курстары бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен, оның ішінде қашықтық форматта салыстыру, сондай-ақ курстан кейінгі сүйемелдеу мен тиімділік мониторингін талдау нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру туралы шешімдер қабылдау.

50. Курстан кейінгі мониторингтің міндеттері:

1) РҚБОӨО білім беру бағдарламалары бойынша Курстардан өткен сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметі туралы шынайы және объективті ақпарат алу;

2) ақпаратты жинау, жинақтау, жіктеу және талдау технологияларын әзірлеу және қолдану;

3) РҚБОӨО Курстарының білім беру бағдарламаларын пысықтау.

51. Курстан кейінгі мониторинг объектісі сертификатталған педагогтің кәсіби қызметі болып табылады.

52. РҚБОӨО білім беру бағдарламалары бойынша Курстардан өткен сертификатталған педагогтердің қызметіне курстан кейінгі мониторингті ұйымдастыру мынадай процестердің жиынтығын ұсынады: ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, пайдалану, сондай-ақ оны талдау және түсіндіру.

53. РҚБОӨО білім беру бағдарламалары бойынша курстардан өткен педагогтердің қызметіне курстан кейінгі мониторингті іске асыру мынадай іс-қимылдардың кезектілігін болжайды:

1) деректерді жинау үшін сауалнамалар әзірлеу;

2) педагогтерге сауалнама жүргізу;

3) курстан кейінгі мониторинг үшін пайдаланылатын деректерді жинау;

4) деректерді өңдеу және сақтау;

5) курстан кейінгі мониторинг барысында алынған деректерді талдау және түсіндіру;

6) есепті дайындау.

54. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі жыл бойы жүргізіледі.

55. Курстан кейінгі мониторинг жүргізу әдістері: сауалнама; рейтинг; ақпаратты статистикалық өңдеу; оқу құжаттамасын және оқу қызметінің өнімдерін зерделеу әдісі; ақпаратты түсіндіру және талдау.

56. Курстан кейінгі мониторинг заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды көздейді.

Курстан кейінгі мониторинг үшін пайдаланылатын деректерді жинау курстар басталғанға дейін құрылған Whats ' App топтары арқылы РҚБОӨО курстарынан өткен педагогтермен байланыс арқылы жүзеге асырылады.

57. Курстан кейінгі мониторингтің түпкі мақсаты курстардың білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу болып табылады.

58. РҚБОӨО курстардың педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне әсері туралы сауалнама жүргізеді.

59. Алынған нәтижелердің дұрыстығы мен өкілдігін қамтамасыз ету үшін іріктеуді РҚБОӨО жүзеге асырады.

Іріктеу келесі параметрлер бойынша жүзеге асырылады:

1) педагогтердің қорытынды іріктемесіне Курстардан өткен барлық өңірлердің қосымша білім беру педагогтері олардың оқуға қатысуынан пайыздық арақатынаста түседі;

2) қосымша білім берудің әртүрлі бағыттары мен түрлері бойынша педагогтер оқытуға қатысуының пайыздық арақатынасында педагогтердің соңғы іріктемесіне түседі;

4) педагогтердің қорытынды іріктемесіне қалалық және ауылдық қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері олардың оқуға қатысуынан пайыздық арақатынаста түседі;

5) деректерді жинаудың толықтығын қамтамасыз ету үшін бас жиынтықтан негізгі іріктемеге түскен әрбір педагог үшін алынып тасталған педагогтің параметрлері бойынша толық сәйкес келетін 1 ауыстыру тағайындалады.

60. Курстан кейінгі мониторингтің нәтижесі РҚБОӨО Оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады және хаттамамен курстардың білім беру бағдарламаларының тиімділігі немесе жетілдірілуі туралы шешім қабылданады.